

Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарының тұрғындарын сумен жабдықтау жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 шілде N 1066

Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясы Үкіметі басшыларының 1994 жылғы 11 қаңтардағы Нөкіс қаласындығы шешімімен қабылданған таяудағы 3-5 жылға арналған Арал теңізі бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі нақты әрекеттердің бағдарламасына сәйкес, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, сондай-ақ сумен жабдықтау жөніндегі Пилоттық жобаны (бұдан әрі - Пилоттық жоба) іске асыруды жеделдету және Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің 7,0 (жеті) млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі заем қаражатын және республикалық бюджеттен 200,0 (екі жүз мың) АҚШ долларына бағамды қоса қаржыландыру қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Пилоттық жобаны қаржыландыруға бағытталған 7 200 000,00 (жеті миллион екі жүз мың) АҚШ доллары сомасындағы қаражатты бөлу бекітілсін.

2. Пилоттық жобаны басқару және оның іске асырылуы үшін жауапкершілік - Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің жанындағы Арал өңірінде су шаруашылық жобаларын жүзеге асыру тобына, ал заемның қаражаты мен республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін - Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіне жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы 1997 жылғы 24 қаңтардағы заем туралы Келісімді (Сумен жабдықтау жөніндегі пилоттық жоба) бекіту туралы" 1997 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген Заем туралы Келісімге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мыналар белгіленсін:

1) Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің заем қаражатынан қаржыландырылатын Пилоттық жоба шеңберіндегі жабдықтардың, оларды құрайтын босалқы бөлшектердің, сукұбыры желілерін салу үшін қажетті материалдардың және көрсетілетін қызметтердің импорты жоғарыда аталған Заем туралы келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын, 1985 жылғы 1 қаңтардағы Заемдар мен кепілдіктер туралы шарттарға қолданатын Жалпы ережелердің 5.08 параграфына сәйкес қосылған құнға салынатын салықтан және кеден бажынан босатылады;

2) Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің заем қаражаты есебінен бейрезиденттің кірісі бейрезидент резиденті болып табылатын мемлекетпен арадағы

Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес салық салуға жатады ;

3) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің заем қаражаты есебінен кіріс алатын бейрезидент резиденті болып табылатын мемлекет арасында Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция болмаған жағдайда, онда мұндай бейрезиденттің кірісі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салуға жатады .

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қызылорда облысының әкімімен бірлесіп, заем қаражатына алынған тауарлар мен қызмет көрсетулердің есебін жүргізсін, сондай-ақ ай сайын қаржылық есеп, және тоқсан сайын - Пилоттық жобаның іске асырылу барысы туралы есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сыртқы қарыз алу жөніндегі комитетіне тапсырып тұрсын .

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сыртқы қарыз алу

жөніндегі комитеті заемның іске асырылуын жалпы үйлестіруді, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алудың жүргізілуін, сондай-ақ келісімшарттардың жасалуын және Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің ережелеріне сәйкес олар бойынша төлемдерді бақылауды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 27 шілдедегі
N 1066 қаулысымен
бекітілген

N	Санаты	ХҚДБ	Қазақстан Республикасы
		тарапынан	Үкіметінің тарапынан
		АҚШ долл.	АҚШ долл. қаржыландыру
		қаржыландыру	

1	2	3	4
---	---	---	---

1	Құрылыс жұмыстары	5 900 000	-
---	-------------------	-----------	---

2	Тауарлар сатып алу	45 000	-
---	--------------------	--------	---

3	Консультациялық қызмет көрсетулер	600 000	200 000
4	Бөлінбеген сома	455 000	-
	Барлығы:	7 000 000	200 000

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.